



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ХАБАРЛАМА

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеу туралы

19 ақпан, 2021 жыл

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 799 Қаулысымен бекітілген Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеуді өткізу қағидаларына, аккредиттеудің күшін жою негіздеріне мен тәртібіне (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жанындағы Сараптама кеңесіне қатысу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу туралы хабарлайды.

Аккредиттеуді алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда, құрылтай құжаттарының және заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктердің) мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 3) бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін көрсете отырып, бірлестік мүшелерінің тізімі.

Аккредиттеуді алу үшін құжаттар пакеті 2021 жылғы 02 наурызға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде қабылданады.